

Геосаясат

Глоссарий:

Геосаясат — мемлекеттің стратегиялық әлеуетіне ықпал ететін географиялық, саяси, тарихи және басқа факторларды тұтас бірлікте зерттейтін ғылым.

Геокеңістік (географиялық кеңістік) — өзара байланысқан және даму үстіндегі географиялық нысандар орналасқан аумақ.

Әлемдік тәртіп — белгілі бір уақыт кезеңіндегі геосаяси күштердің арасалмағы түріндегі әлемнің геосаяси құрылымы.

Геосаяси аймақтар — экономикалық, саяси және мәдени тұрғыдан салыстырмалы түрде біртекті болатын ірі геосаяси бірліктер.

Геосаяси кодтар

Геосаяси кодтар — мемлекеттің сыртқы саясатын қалыптастырған кезде үкіметтің басқа мемлекеттер туралы жасайтын стратегиялық болжамдарының жиынтығы.

Экспансия — басым топтардың, мемлекеттердің және т. б. күш көрсету, экономикалық немесе мәдени-ақпараттық ықпал ету аймақтарының кеңеюі.



□ Геосаясат терминінің авторы — швед ғалымы **Рудольф Челлен**

Геокеністікке бақылау жасалудың тетіктері мен формаларын зерттеу

Ғаламдық деңгейдегі әртүрлі күштердің кеністік шегараларын айқындау және болжам жасау

Жетекші геосаяси күштердің ықпал аймақтарын жіктеу негізінде дүниежүзін геосаяси аудандастыру

Геосаясат субъектілері үшін геосаяси қолтарды жасау

59-сурет. Геосаясаттың негізгі міндеттері

Ресей ғалымы **К.Э. Сорокин** экспансия ұғымын геокеңістікке бақылау жасаумен байланыстырады.

Саяси географияның негізін қалаған неміс ғалымы Ф.Ратцель *экспансияның жеті заңын* ойлап тапты:

- 1) мемлекеттің көлемі оның мәдениетінің дамуына қарай ұлғая береді;
- 2) мемлекеттің кеңістік жағынан ұлғаюы оның дамуының басқа көріністерінен де байқалады: идеология, өндіріс, сауда қатынастары дамып, мемлекеттің «тартушы сәулесі» артады;
- 3) шағын деңгейдегі саяси бірліктерді жұту және өзіне тарту арқылы мемлекет ұлғаяды;
- 4) шегара — мемлекеттің шетіндегі бір орган, оның ажырамас бір бөлігі;
- 5) кеңістіктік экспансияны жүзеге асыру арқылы мемлекет өзінің дамуы үшін аса маңызды аймақтарды (жағалау бөліктері, өзен алаптары, аңғарлар және жалпы бай аумақтар) қамтып қалуға тырысады;
- 6) экспансияға түрткі болатын бастапқы импульс сырттан келеді, өйткені мемлекет өркениетінің дамуы өзінен төменірек сатыда тұрған мемлекеттің (немесе аумақтың) есебінен кеңейгісі келеді;
- 7) неғұрлым әлсіз ұлттардың араласуы немесе тұтасуы тәрізді тенденция қозғалыстағы аумақтардың одан әрі ұлғая беруіне түрткі болады.



Геосаяси мүдде

Мемлекеттік мүдде- өзінің геосаяси, геоэкономикалық қуатын нығайту

Коалициялық

Мекемелік

Ұлттық



Геосаясат объектісі

Геосаясат субъектісі

Ғаламшар кеңістігі



Мемлекет, мемлекеттер одағы, әлеуметтік топ, ұлт, халық.



Геосаясат Мемлекетті қай тұрғыдан зерттейді?


- Алып жатқан аумағы, себебі:
- I . Аумақ халық санына әсер етеді;
- II. Табиғат ресурстарының әр алуандығы;
- III. Шекаралық байланыс



Геосаясатта «жұмсақ күш» (ағылш. *soft power*) деген ұғым пайда болды. Оның мәнісі — әскери күш қолданбай қарсылас мемлекеттің геосаяси жағдайы мен беделіне нұқсан келтіру.



60-сурет. Геосаясаттың негізгі құралдары





Қытайдың әлемдік көшбасшылар тобына енуі, оның саяси салмағының артуы



АҚШ-тың әлемдік деңгейде саяси және әскери үстемдігі



Ресей Федерациясының геэкономикалық қуатының артуы



Еуропалық Одақ шеңберінде ынтымақтықтың дамуы



НАТО блогының Шығысқа қарай кеңеюі



Халықаралық лаңкестік және оған қарсы күрестің күшеюі




61-сурет . ХХІ ғасырдағы әлем дамуына ықпал ететін саяси факторлар

Халықаралық лаңкестік лаңкестіктің аса қауіпті түрі ретінде 1960 жылдардың соңында пайда болды. Қазіргі кезде оның ауқымы қауіпті деңгейге жетіп отыр. Халықаралық лаңкестіктің негізгі мақсаты — мемлекетті басқару ісіне кедергі келтіру, экономикалық және саяси нұқсан келтіру, тұрақсыз жағдай қалыптастыру арқылы үкіметті өз саясатын өзгертуге итермелеу. Халықаралық лаңкестік қоғам тіршілігін қамтамасыз ететін нысандарға қауіп төндіру, қоршаған орта мен адам өміріне жаппай қастандық жасау тәрізді әрекеттерге айналуда.

Глоссарий:

- **Геосаяси жағдай** — елдің саяси картадағы орнын, оның әртүрлі мемлекеттерге немесе мемлекеттер тобына қатынасын бағалау.
- **Лаңкестік ұйым** — лаңкестік әрекетті жүзеге асыру мақсатында құрылған немесе өзінің қызметінде лаңкестікті пайдалану мүмкіндігін мойындаған топ.
- **Жікшілдік немесе сепаратизм** (лат. *separatus* — жеке) — жаңа тәуелсіз мемлекет құру мақсатында немесе өте кең құқықты автономия мәртебесін алу үшін мемлекет аумағының жеке бөлігін оқшаулап, бөліп алуға бағытталған саясат пен әрекеттер.



62-сурет. Қазіргі заманғы лаңкестікке тән белгілер



Антиглобализмнің алғашқы ресми ұйымы 1998 жылы Францияда пайда болған «АТТАК-Франция» (Қаржы операцияларына салық салуды жақтайтын азаматтар ассоциациясы) болды. Бұл ұйымның басты талабы — әлемдегі қаржы операцияларының 0,1%-ын салық ретінде кейшілікпен күреске және артта қалған елдердің экономикасын дамытуға жұмсау. АТТАК өкілдері дамушы елдердің

қарыздарын кешіруді талап етті. Қазіргі кезде антиглобализм ұйымдары қатарына дүниежүзі бойынша әрекет ететін «Ғаламдық әрекет», «Блэк Блок», «Үшінші ұстаным», «Радикалды экологтар» атты ұйымдары бар.

Азияда әлемдегі
аумағы, халқының
саны жағынан аса ірі
елдердің орналасуы

Діни, мәдени
ала-құлалықтар,
әлемдік діндердің
отаны болуы

Азияда әлемдік
экономика
аппәуыттарының
орналасуы


Ұзақ жылдар бойы
шешілмей келе жатқан
шиеленіс ошақтарының
болуы (араб-израиль,
Корея түбегі және т.б.)

Азияда саяси
тұрғыдан «салмақты»
саяси күштердің
шоғырлануы


Аймақ елдерінің
даму деңгейінің
үлкен айырмашылық
жасауы


63-сурет. Азиядағы геосаяси кеністікке ықпал ететін факторлар

Азиядағы геосаяси жағдай



- Израиль мен Палестина шиеленісі;
- Ирактағы азаматтық соғыс;
- Үндістан мен Пәкістан арасындағы Кашмир, Джамму штаттары үшін соғыс;
- Индонезия, Филлиппин, Мьянмадағы ішкі қақтығыстар.





Ауғанстаннан аймаққа қарулы жасақтардың өтуі, заңсыз есірткі және қару-жарак саудасының қаупі

Аймақтың бірқатар елдерінде ішкі ұлтаралық кикілжіңдердің, жікшілдік көріністерінің болуы

Орталық Азия елдерінің экономикалық даму деңгейлерінің әрқелжілігі, шешілмеген әлеуметтік-экономикалық мәселелер, шегара маңы жанжалдары

64-сурет. Орталық Азиядағы қауіпсіздік мәселелері

Азиядағы геосаяси факторлардың ықпалы

№	Факторлар	Салдары
1	Аумағы, халқының саны жағынан аса ірі елдердің орналасуы	
2	Азияда әлемдік экономика алаңуыттарының орналасуы	
3	Діни, мәдени ала-құлалықтар, Азияның әлемдік діндер отаны болуы	
4	Ұзақ жылдар бойы шешілмей келе жатқан шиеленіс ошақтарының болуы	
5	Азияда геосаяси тұрғыдан салмақты саяси күштердің шоғырлануы	
6	Аймақ елдерінің даму деңгейлерінің үлкен айырмашылық жасауы	

Интеграциялык үдерістер

Еуропалык Одак шеңберіндегі ынтымактастык;
Кедендік келісімдер, «мөлдір» шегаралар;
НАТО шеңберіндегі ынтымактастык

Жікшілдік көріністері

Батысеуропалык типтегі жікшілдік (Солтүстік Ирландия, Испаниядагы Баск елі, Корсика) Шығысеуропалык типтегі жікшілдік (Босния мен Герцеговина, Польша, Украина, Молдова)

Ланкестік көріністері


Батыс Еуропа елдеріндегі халықаралык ланкестік әрекеттер;
Батыс Еуропа елдеріндегі ішкі қайшылықтардан туындайтын ланкестік әрекеттер

Еуропалык елдердегі дезинтеграция

Елдердің Еуропалык Одактан шығу бастамалары;
Еуропалык елдердің арасындағы саяси, экономикалык қайшылықтардың артуы

Еуропаның әлемдік саясаттағы орны мен маңызы

Еуропалык елдердегі саяси басқару тәжірибесі;
Еуропа елдерінде халықаралык ұйымдардың штаб-пәтерлерінің орналасуы



Ұзақ жылдар бойы экстремистік әрекет

жүргізген Испаниядағы Баск елінің «ЭТА» ұйымы 2011 жылдан бері бейбіт әрекетке көшетінін жариялады. Дегенмен Солтүстік Ирландияда «Ирланд республикалық армиясы» («ИРА»), Францияда «Корсика ұлт-азаттық майданы» атты радикалды ұйымдар әлі әрекет етуде.



АКШ XX ғ. Екінші дүниежүзілік соғысқа араласып, алып державалармен бірге әлемді бөлісу кезені



АКШ пен Кеңес Одағы және олардың одақтастары арасындағы қырғиқабақ кезені



1991 жылдан қазіргі кезге дейін ғаламдық ірі геосаяси күш ретінде әлемдік тәртіпке ықпал ету кезені

66-сурет. АҚШ-тың ғаламдық геосаясатқа ықпал ету кезендері

Аймақтың шалғайда орналасуы

- Халықаралық факторларға қарағанда аймақшілік факторлар басым ықпал етеді

АҚШ-пен көршілес орны

- АҚШ-тың өте күшті ықпалы
- Аймақта АҚШ ықпалына қарсы күштердің пайда болуы

Жоғары дамыған елдердің иеліктерінің сақталып қалуы

- Дамыған елдердің әскери-стратегиялық, экономикалық мүдделері

Көршілік елдердің Дүние-жүзілік мұхитқа шыға алуы

- Елдердің экономикалық-географиялық және геосаяси жағдайын қолайлы етеді

Кариб алабының халықаралық деңгейдегі аралық рөлі

- Орталық Американың халықаралық маңызын арттырып, геосаяси тұрғыда қолайлы етеді

Елдердің өзара ынтымақтас-тығының дамуы


- Аймақ елдерінің геосаяси жағдайын нығайтады

67-сурет. Латын Америкасындағы геосаяси жағдайға ықпал ететін факторлар



68-сурет . Геосаясатқа ықпал ететін табиғи факторлар

№	Елдің географиялық орнының ерекшеліктері	Геосаяси басымдылықтары
1	Еуразияның орталығында орналасуы	Транзиттік маңызының артуы
2	***	***



микалық қуаты. Геосаясаттағы экономикалық факторлардың маңызын британдық географ *Питер Тейлор* зерттеген. Оның пікірінше, бірнеше салада жетістікке жеткен елдер ғана геосаяси басымдылыққа ие болады. Бұл, ең алдымен, экономикалық басымдылықпен анықталады (69-сурет).



69-сурет. Мемлекеттің геосаяси басымдылығының негіздері

Елдің экономикалық даму деңгейі мен қуаттылығы

Елдің әлемдік экономикадағы орны мен технологиялық деңгейі

Халықаралық аймақтық деңгейдегі экономикалық ынтымақтастығы

Әлемдік экономикалық кеңістікке кірігу деңгейі

Елдің экономикалық стратегияларының саяси мүдделерге сәйкес келуі

- **Талассократия** (гр. *таласса* — теңіз, *кратос* — билік) — мемлекеттің теңіз арқылы басымдылыққа ие болуы.
- **Теллурократия** (Теллус — ежелгі римдіктердің Жер-Ана құдайы) — мемлекеттің құрлық арқылы басымдылыққа ие болуы.

70-сурет. Геосаясатқа ықпал ететін экономикалық факторлар



71-сурет . Әлеуметтік факторлардың геосаяси ортаға ықпалы



Халық саны көп елдерде адам ресурстарының жеткілікті болуы



Халық саны көп елдерде қарулы күштерді жинақтау мүмкіндігінің жоғары болуы




Халық саны көп елдердің халықаралық ұйымдарда өкілдерінің көбірек болуы



Халықтың білімі мен кәсіби деңгейінің жоғарылығы — геосаяси басымдылық



Халық тығыздығының елдегі геосаяси жағдайға ықпал етуі



72-сурет . Демографиялық факторлардың геосаясатқа ықпалын бағалау

Елдің халықаралық ұйымдардағы рөлі мен белсенді қызметі

Мемлекеттің даму тарихында жинақтаған беделі

Елдің геостратегиясын жасайтын, кәсіби деңгейі жоғары саясаткерлердің болуы

Күрделі саяси жағдайда мемлекет мүддесіне сай шешімдер қабылдау

Әлемдегі геозкономикалық және геосаяси жағдайдың өзгерістеріне сай әрекет етуі

Елдің геосаяси жағдайын жақсарту үшін шешімдер қабылдауы

73-сурет. Мемлекеттің басты саяси ресурстарын бағалау



74-сурет. Технологиялардың геосаясатқа ықпал ету жолдары



75-сурет . Мемлекет аумағының басты белгілері
 Африка мемлекеттерін ЭГО бойынша топтастыру

Орталық елдер	Перифериялық елдер	Транзиттік елдер	Теніз маңы елдері	Ішкері елдер

Мемлекеттерді жерінің ауданы бойынша топтастыру
(И.И.Пирожник бойынша)

	Мемлекеттер типі	Аумағы	Ел саны	Жалпы ауданы	
				млн км ²	%
1	Алып мемлекеттер	2,5 млн км ² -ден астам	9	75,8	55,8
2	Ірі мемлекеттер	350 мың – 2,5 млн км ²	49	45,2	33,3
3	Орташа мемлекеттер	150–350 мың км ²	28	7,1	5,2
4	Шағын мемлекеттер	30–150 мың км ²	43	3,5	2,6
5	Ұсақ мемлекеттер	30 мың км ² -ден аз	66	1,8	1,3
6	Тәуелді аумақтар			2,3	1,7
	Барлығы		195	135,8	100,0

Орталық елдер

Перифериялық елдер

Транзиттік елдер

Ішкері елдер

Теніз маны елдері



Созылынкы пішіндегі мемлекеттер



Біртұтас аумақты алып жатқан мемлекеттер



Шашыранкы мемлекеттер




Құрамында анклавтар бар мемлекеттер

77-сурет. Аумағының морфологиялық ерекшеліктері бойынша елдердің типтері



Бөлуші



Жалғастырушы



Сүзгілік

78-сурет. Мемлекеттік шегаралардың функциялары

Мемлекеттік шегара



«Қорғас» шегара маны ынтымақтастығы халықаралық орталығы (Қазақстан)




«Қорғас» шегара маны ынтымақтастығы халықаралық орталығы (Қытай)

79-сурет. «Қорғас» халықаралық орталығының сызбасы

Глоссарий:

- **Мемлекеттік шегаралар** — мемлекет егемендігінің кеңістік шегі, яғни мемлекет аумағының құрлықтағы, судағы, жер қойнауы мен әуедегі шептерін айқындайтын сызық.
- **Географиялық лимнология** — шегараларды зерттейтін ғылым саласы.
- **Шегаралар делимитациясы** — көршілес мемлекеттердің арасында келіссөздер арқылы мемлекеттік шегаралардың жалпы ережесі мен бағыттарын анықтау.
- **Шегаралар демаркациясы** — шегараларды делимитациялау жөнінде келіссөздерге сәйкес, жергілікті жерде шегаралық белгілер қою арқылы мемлекеттік шегараны анықтау мен белгілеу.
- **Цессия** — мемлекеттердің өзара келісімі негізінде белгілі бір аумаққа иелік ету құқығының бір мемлекеттен екінші бір мемлекетке берілуі.
- **Адъюдикция** — халықаралық сот немесе арбитраж шешімі бойынша бір мемлекет құрамында болған аумақты басқа мемлекетке беру.
- **Аккреция** — мемлекет аумағының құрлық бөлігінің табиғи немесе техногендік жолмен ұлғаюы.



80-сурет. Қазақстанның көршілес елдермен шекараларының ұзындықтары, км

Алматы Декларациясы 1991 ж. 21 желтоқсан

ТМД шеңберінде ынтымақтастық қағидағтарын сақтау туралы Декларация, 1992 ж. 14 ақпан

Екі жақты құжаттар

ТМД-ға мүше мемлекеттердің егемендігін, аумақтық тұтастығын және шекараларының мызғымастығын сақтау туралы Декларация, 1994 ж. 15 сәуір

Одақтық және республикалық деңгейдегі Жоғары Кеңестердің заң актілері

Глоссарий:

- **Декларация** — халықаралық құқықта келісуші жақтардың ортақ принциптері мен мақсаттарын негіздейтін құжат.

81-сурет. Бұрын КСРО құрамында болған мемлекеттердің шекараларын анықтайтын құжаттар

